

Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларын, шитті мақтаның сапасы туралы куәлік нысанын (үлгісін) және мақта талшығының сапасы паспортының нысанын (үлгісін) бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-5/280 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 қазанда № 12152 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № 44 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 16.02.2021 № 44 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының б) тармақшасына сәйкес **БҰЙРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес шитті мақтаның сапасы туралы куәліктің нысаны (үлгісі);

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мақта талшығының сапасы паспортының нысаны (үлгісі) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 20 тамыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 3 қыркүйек

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 4-5/280 бұйрығына
1-қосымша

Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының б) тармақшасына сәйкес әзірленді және шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мақта өңдеу ұйымы - меншік құқығында мақта тазалау зауыты бар, мақта қолхаттарын беру арқылы шитті мақтаны бастапқы өңдеу және қойма қызметі жөнінде қызметтер көрсететін заңды тұлға;

1-1) мақта дайындау ұйымы – шитті мақта сатып алуды және дайындауды жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) өтініш беруші – шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізуге өтінім берген жеке немесе заңды тұлға;

3) сынау – шитті мақтаның бір немесе бірнеше сипаттамаларын анықтаудан тұратын техникалық операция;

4) шитті мақта партиясы – сапасы туралы бір ілеспе құжатпен ресімделген бір селекциялық және өндірістік сорттағы, типтегі және сыныптағы шитті мақтаның саны;

5) шитті мақтаның сапасы туралы куәлік – шитті мақта сапасының нақты көрсеткіштерін және олардың стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына және аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы) мен өтініш берушінің арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат;

6) шитті мақтаның сапасына сараптама жасау - сынаманы іріктеу мен сынақтан өткізуді, шитті мақтаның сапасы туралы куәлікті ресімдеуді қамтитын шитті мақта сапасының нақты көрсеткіштерін анықтау мен растауға бағытталған шаралар кешені;

7) сынақ зертханасы (орталығы) (бұдан әрі – зертхана (орталық)) – "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес аккредиттеуден өткен және шитті мақтаның сапасына сараптама жасауды жүзеге асыратын заңды тұлға немесе заңды тұлғаның атынан әрекет ететін оның құрылымдық бөлімшесі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.10.2015 № 4-6/954 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.10.2020 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Зертхана (орталық) жүзеге асыратын шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі жұмыс түрлері аккредиттеу жөніндегі орган берген аккредиттеу аттестатымен расталады.

4. Шитті мақтаның сапасы туралы куәлік бір мекенжайға, көлік құралының бір түрімен тиеп жөнелтілетін немесе бір уақытта сақтауға арналған шитті мақтаның әрбір біртекті партиясына беріледі.

2. Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру тәртібі

5. Шитті мақтаның сапасына сараптама жасау:

1) сынамалар іріктеуді;

2) сынақтар өткізуді;

3) шитті мақтаның сапасы туралы куәлік ресімдеуді қамтиды.

6. Шитті мақтаның сапасына сараптама жасау зертхана (орталық) мен өтініш беруші арасында жасалған шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі жұмысты жүргізуге арналған шарт (бұдан әрі - шарт) негізінде жүргізіледі.

7. Өтінім беруші зертханаға (орталыққа) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізуге өтінім (бұдан әрі - өтінім) береді, ол тіркеледі және оны зертхана (орталық) меңгерушісі өтінім берілген сәттен бастап 24 сағат ішінде қарайды.

8. Зертхана (орталық) меңгерушісі шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу жөніндегі маманды (бұдан әрі – зертхана (орталық) маманы) айқындайды, оған тапсырма мен өтінімнің көшірмесі беріледі.

9. Сынамаларды іріктеу өтінім тіркелген сәттен бастап 24 сағаттан аспайтын мерзімде жүргізіледі.

10. Сынамаларды іріктеуді зертхана (орталық) маманы өтініш берушінің немесе оның өкілінің және мақта дайындау немесе мақта өңдеу ұйымы өкілінің қатысуымен жүргізеді.

Сынамаларды іріктеу осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сынамаларды іріктеу актісімен ресімделеді. Сынамалар осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шитті мақта сынамаларын тіркеу журналында тіркеледі, ол нөмірленеді және зертхана (орталық) меңгерушісімен қол қойылады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.10.2015 № 4-6/954 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Шитті мақтаның іріктеп алынған сынамалары тастар, қорапшалар немесе олардың жақтаулары, жапырақтар түріндегі бөгде қоспаларсыз іріктеледі.

Зиянкестермен және аурулармен (өсімдік биті, гоммоз, бактериялы-саңырауқұлақты ауру, "балтамшы") залалданған шитті мақта сапасына сараптама жүргізуге жатпайды.

12. Сынақтар өтінімде көрсетілген сапа көрсеткіштері мен сынақ әдістері бойынша органолептикалық (шитті мақтаның сыртқы түрін стандарттық үлгілермен салыстыру жолымен) және аспаптық бағалау арқылы зертханада (орталықта) жүргізіледі.

Сынақ нәтижелері бойынша сорт, түр, сынып, ластану және ылғал көрсеткіштері айқындалады, шитті мақтаның өзге сапа көрсеткіштері өтінім берушінің талабы бойынша айқындалады.

Сынақ жүргізу мерзімдері зертхана (орталық) мен өтінім беруші арасында жасалған шартта жазылады.

13. Сынақтан өткен, полиэтилен пакетке буып-түйілген және зертхана (орталық) маманы мөрлеген шитті мақта сынамалары зертханада (орталықта) мынадай мерзім ішінде:

1) тиеп жөнелтілген және сақтаулы партияларға – шитті мақтаның сапасы туралы куәліктің күші мерзімі ішінде;

2) сапа бойынша келіспеушіліктер болған жағдайда – келіспеушіліктерді қарау толығымен аяқталғанға дейін сақталады.

Сынақтан өткен шитті мақта сынамалары сөрелермен және қажет болса көтеру механизмдерімен жабдықталған, едендік төсемі бар үй-жайда сақталады. Сынамаларды сақтауға арналған үй-жайда сыз бен көгеру іздеріне жол берілмейді.

14. Сараптама нәтижелері алынғаннан кейін 24 сағат аспайтын мерзімде шитті мақтаның сапасы туралы куәлік өтінім берушінің жеке өзіне немесе сенімхат бойынша оның өкіліне беріледі, көшірмесі зертханада (орталықта) қалады және бір жыл бойы сақталады.

15. Шитті мақтаның сапасы туралы куәлік түсінікті етіліп және түзетулерсіз толтырылады.

16. Шитті мақтаның сапасы туралы куәліктің қолданыс мерзімін берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен асырмай зертхана (орталық) белгілейді.

Шитті мақтаның сапасына
сараптама жүргізу және шитті
мақтаның сапасы туралы куәлік
беру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

(аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) атауы)

(жеке тұлға үшін: аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері; заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері (заңды мекенжайы), бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізуге арналған өтінім

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.10.2020 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ мақта дайындау немесе
мақта өңдеу
(атауы)
ұйымында сақтаулы, салмағы _____
_____ тонна
(жазбаша)

_____ арналған шитті
мақта партиясының

(мақсаты көрсетілсін)

сапасына сараптама жүргізуді сұраймын.

Сынақтар мынадай сынақ көрсеткіштері мен әдістері бойынша жүргізіледі:

_____)
(көрсеткіш атауы) (стандарттау жөніндегі құжаттың нөмірі және күні) (норма

Өтінім беруші _____

_____)
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) маманы

_____)
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

орындауы үшін жіберілді.

Орындалуы туралы белгі: _____

Шитті мақтаның сапасына
сараптама жүргізу және шитті
мақтаның сапасы туралы куәлік
беру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

20 _____ ЖЫЛҒЫ " _____ " _____ № _____

Сынамаларды іріктеу актісі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.10.2020 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы) мен өтінім беруші арасында жасалған 20 _____ жылғы " _____ " _____ № _____ шарт негізінде, мен, _____

_____ шитті

(аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) атауы)

мақтаның сапасына сараптама жүргізу жөніндегі маманы

_____)
(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_____ катысуымен
(өтінім берушінің, мақта дайындау немесе мақта өңдеу ұйымы өкілінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)
қолданыстағы _____

стандартына сәйкес
(стандарттау жөніндегі құжаттың нөмірі мен күні)
шитті мақтаның сынамаларын іріктеп алдым.
Шитті мақтаның орналасқан жері _____

_____ (мақта дайындау немесе мақта өңдеу ұйымының атауы және мекенжайы)
Шитті мақта партиясының нөмірі _____

_____ (жазбаша)
Партия салмағы _____

_____ тонна
(жазбаша)
Іріктелген сынамалар саны _____

_____ дана
(жазбаша)
Іріктелген сынамалар салмағы, килограмм _____

_____ (жазбаша)
Сынамаларды іріктеу күні мен уақыты: 20_жылғы " _ " _____ сағат __ минут
Шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі маман:

_____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)
Өтінім беруші: _____

_____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)
Мақта дайындау немесе мақта өңдеу ұйымының өкілі:

_____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларына
3-қосымша

Шитті мақта сынамадарын тіркеу журналы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.10.2015 № 4-6/954 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Күні	Өтініш беруші	Сынамаларға іріктеу жүргізілген мақта дайындау немесе мақта өңдеу ұйымының атауы	Партия салмағы, тонна	Сынамаларды іріктеу актісінің № мен күні	Сынаманы іріктеген маманның қолы
1	2	3	4	5	6	7

Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Шитті мақтаның сапасы туралы куәліктерді тіркеу журналы

P/c №	Куәліктің берілген күні және нөмірі	Шитті мақта иесі	Сынамалар іріктелген орын	Сынамаларды іріктеу актісінің № мен күні	Партия № мен салмағы	Сынаманы іріктеген маманның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және қолы
1	2	3	4	5	6	7

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 4-5/280 бұйрығына
3-қосымша
Нысан
Форма

Шитті мақта іріктелген күн 20__ жылғы "___" _____

20__ жылғы "___" _____ дейін жарамды

Дата отбора проб хлопка-сырца "___" _____ 20__ года

Действителен до "___" _____ 20__ года

Шитті мақтаның сапасына сараптама жасау жөніндегі аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) атауы/Наименование аккредитованной испытательной лаборатории (центра) по экспертизе качества хлопка-сырца

Аккредиттеу аттестатының нөмірі және күні/Номер и дата аттестата аккредитации _____

Мекенжайы/Адрес _____

Шитті мақтаның сапасы туралы № _____ куәлік Удостоверение о качестве хлопка-сырца № _____

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.10.2020 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____ сынамаларды іріктеу актісімен қоса сараптамаға ұсынылған шитті мақтаның сынамасына берілді/Выдано на пробу хлопка-сырца, представленную на экспертизу с актом отбора проб

№ _____ от " ____ " _____ 20 ____ года _____

Мақтаның сорты/ Сорт хлопчатника _____

Партия нөмірі/Номер партии _____

Жинау түрі/Вид сбора _____

Мақсаты/Назначение _____

Өнеркәсіптік сорт/Промышленный сорт _____	Арамшөп қоспаларының массалық үлесі/ Массовая доля сорных примесей _____ %
– Типі/Тип _____	Ылғалдың массалық қатынасы/Массовое отношение влаги _____ %
– Сыныбы/Класс _____	Өзгелері/Прочие _____

Аккредиттелген сынақ зертханасының
(орталығының) меңгерушісі /
Заведующий аккредитованной
испытательной лаборатории (центра)

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 4-5/280 бұйрығына
4-қосымша
Нысан

Форма

Мақта талшығы сапасының № _____ паспорты/ Паспорт качества хлопка-волокна
№ _____

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің
12.10.2020 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік
жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Паспорт 20 __ жылғы " __ " _____ берілді/Паспорт выдан " __ " ____ 20 __
года.

Мақта өңдеу ұйымының атауы және орналасқан жері/Наименование и
местонахождение хлопкоперерабатывающей организации _____

Шыққан жері/ Происхождение _____

Мақта тазалау зауытының коды/Код хлопкоочистительного завода _____

Партия нөмірі/Номер партии _____

Тай нөмірі/Номер кипы _____

Стандарттау жөніндегі құжаттар/ Документы по стандартизации
Селекциялық сұрып/ Селекционный сорт _____

Типі/Тип _____

Сұрыбы/Сорт _____

Сыныбы/Класс _____

Штапель ұзындығы 1/32 дюйм (Staple)/ Штапельная длина в 1/32 дюйма(Staple) _____	Микронейр (Mic)/Микронейр (Mic) _____
Шағылысу коэффициенті (Rd)/Коэффициент отражения(Rd) _____ %	Сарғаю мөлшері (+b)/ Степень желтизны (+b) _____
Трэш коды (T)/Трэш код (T) _____	Арамшөп қоспаларының алаңы (Area)/ Площадь сорных примесей (Area) _____ %
Арамшөп қоспаларының саны (Cnt)/Число сорных примесей (Cnt) _____ дана/штук	Жоғарғы орташа ұзындығы (UHM)/Верхняя средняя длина (UHM) _____
Ұзындығы бойынша біркелкілік индексі (Unf)/ Индекс равномерности по длине (Unf) _____ %	Қысқа талшықтардың индексі (SFI)/ Индекс коротких волокон (SFI) _____

Үлестік үзіліс жүктелімі (Str)/Удельная разрывная нагрузка (Str) _____	_____ %
_____	Үзілгендегі созылу (Elg)/ Удлинение при разрыве (Elg) _____ %
Қоспалардың бар-жоғы/Наличие примесей _____	Жабысқактығының бар-жоғы/ Наличие клейкости _____

Аккредиттелген сынақ зертханасының
(орталығының) меңгерушісі/ _____
Заведующий аккредитованной
испытательной лаборатории (центра)